



ОЗЕН

№3 (37) НАУРЫЗ, 2019 ж.

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

Қадірлі қыз-келіншектер! Сіздерді 8 наурыз Аналар мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Көгілдір көктем мерекесі жүректеріңізге нұр, жүздеріңізге шуақ, шаңырақтарыңызға бақыт-береке сыйласын! Сіздер сүйікті жар, отбасының ұйытқысы, перзенттеріңіздің анасы болумен қатар мұнай саласында тер төгіп, еңбек етіп жүрген майталман мамансыздар.

«Ана бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» деген даналық сөз адамзаттың анасы, тіршіліктің бастауы, отбасының қазығы, сұлулық пен әсемдіктің символы, шаңырақтың шамшырағы өздеріңізге арналған.

Сіздер мұнай саласында ер-азаматтармен үзеңгілес еңбек ете жүріп, отбасыңызда абыройлы, еңбекте озат, спортта үздік, өнерде биік белестерден көрініп жүрсіздер. Қоғамды біз өздеріңіз елестете алмаймыз. Біз Сіздерді жақсы көреміз. Бақыттарыңыз баянды, өмірлеріңіз қуанышқа толы болсын! Аман жүріңіздер!



№4 МГӨБ қызметкері
Шынар ОМАРҚЫЗЫ

ҚАДІРЛІ ӘРІПТЕСТЕР!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Көктемнің шуақты мерекесі шаңырақтарыңызға шаттық, отбасыларыңызға ырыс-құт болып дарысын. Еңбектеріңіз жеміске, құшақтарыңыз қуанышқа, жүректеріңіз жылылыққа толсын.

Наурыз-бұл ырыздықтың, ынтымақ пен бірліктің, бауырмалдық пен достықтың мерекесі. Біз жадырап жететін көктем мерекесін қуанышпен күтеміз. Көктем – өндіріс төсінде, кәсіпшілік келбетінде қыстың ызғары ысырылып, көктемнің майда желі есіп, Жер ана мейіріммен жібитін көзең. Еңбектің қарқыны қызып, қыс қамытын тастайтын шақ. Наурыз мейрамы – барлық жақсылықтың бастауы болсын! Өндіріс өрлеп, еліміз өркендей берсін Наурыз – түркі тілдес халықтардың көпшілігінде көп жылдардан бері тойланып келеді. Оның тарихы тереңде жатыр. 22-наурызда күн мен түн

теңеседі. Бұл күнді біздің ата-бабаларымыз «Жаңа жыл» деп атаған. Бізде бұл мереке 14-наурыз Амал мерекесі болып тойланады. Жасы кішілер үлкендермен көрісіп, ақ бата, ізгі тілекке бөленеді. Ақ дастарқан жайылып, жеті түрлі дәмнен Наурыз кәже дайындалып, «жыл молшылыққа толы болсын» деген игі дәстүр жасалады. Ұлт пен ұлысты жақындастыратын Наурызмейрамының сыйлайтын рухани құндылығы көп.

«Өзенмұнайгаз» АҚ отандық өндірісті өрістетуде, мұнай нарығындағы өзінің ұстанымы мен беделін нығайтып келеді. Бұл біздің мыңдаған мұнайшыларымыздың еңбектегі жігері мен қажыр-қайратының, кәсіби біліктілігі мен іскерлігінің жарқын үлгісі! Жадырап көктеммен жеткен жақсылықтар жалғасын тапсын! Ынтымағымыз ырысымызды арттырсын! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Жәнібек НҰҒМАНОВ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры

А Н О Н С

3



ТИМДІ ТЕХНОЛОГИЯ

7



ӨНДІРІСТІҢ ӨЗ АДАМЫ

8



ГҮЛДАРΙΑ
«САМУҰРЫҚ-ҚАЗЫНА
АРУЫ» АТАНДЫ

ӨзенМұнайГаз
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ А КЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО

НАУРЫЗ АЙЫНДАҒЫ МҰНАЙ
ӨНДІРУ ЖОСПАРЫНЫҢ
ОРЫНДАЛУ КӨРСЕТКІШІ
100,18 %



БАС ДИРЕКТОР АРУЛАРДЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Көктеммен ілесе келген Аналар мерекесіне орай «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Жәнібек Нұғманов пен компания кәсіподақ төрағасы Наурыз Сақтағанов өзенмұнайгаздық қыз-келіншектерді құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

«Жер бетіндегі бүкіл сұлулық та, жылылық та, мейірім мен тыныштық та қыз-келіншектер пейілімен келеді. Ана-әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы. Сіздер компанияның гүлісіз, көңіл мен көздің нұрысыз» – деді бас директор өз сөзінде.

Мұнай саласында өзінің жемісті еңбегімен көзге түсіп, компанияны қайтсем көгертем деп терін төгіп жүрген Күләш Рахатова (бас директордың геология және игеру жөніндегі орынбасары-бас геолог), Күләш Жанова (Күрделі құрылыс департаменті директорының орынбасары) «ҚазМұнайГаз» АҚ ҰК бас директорының Құрмет грамотасымен, Әсел Тілеуқұлова (Игеру департаменті инженері), Гүлзира Боранбаева (Өндірісті дамыту және талдау департаменті, Инновациялық-технологиялық даму бөлімі инженері), Маржан Досбаева (Нормалау және еңбекақы төлеу департаменті экономисті), Гауһар Бекжан (Қауіпсіздік қызметінің бейнебақылау секторының диспетчері), Жұлдыз Құлғараева (Транспорт департаментінің GPS мониторинг секторының Есепке алу жөніндегі технигі), Жанар Қойшыбаева (Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің юристконсульті), Әдемі Нұрымбаева (Бюджеттеу және экономикалық талдау



департаменті Жоспарлау және шаруашылық қызметті талдау бөлімінің аға экономисті), Гауһар Асқарбаевалар (Күрделі құрылыс департаменті Жоба және смета жасақтау тобының инженер-жобалаушысы) «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының Алғыс хатымен марапатталды.

Аппарат жетекшісі Бауыржан Мамбетсапаев 151 ару қатысқан «Самұрық-Қазына аруы-2019» байқауының бас

жұлдесіне ие болған, ішкі сымбаты мен сыртқы келбеті басқаларға ұқсамай дараланып, көзге ұрып тұрған әріптесіміз Гүлдария Жанаралованы айрықша құттықтап, компания атынан шексіз алғысын білдірді.

Ерке күннің қалықтаған ақ құсындай болған өрімдей өнерпаздардан құралған «Керуен» тобы өзенмұнайгаздық арулар үшін ән шырқады.



«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директоры Жәнібек Қайырбекұлы бастаған бір топ



басшы азаматтар көріс күні таңғы сағат 6-да жұмысшылар автобекетіне барып, жұмысқа бара жатқан мұнайшылармен көрісіп, дана Әбіш айтпақшы «қазақтың өзі сияқты бірін-бірі құшақтағысы келіп тұратын бауырмал сөздерін» айтты. Дүниеде сөзден асқан, одан құдіретті қандай күш бар?! Жапондарда «бір ауыз жылы сөз-үш ай қысты жылытады» – деген керемет нақыл бар емес пе?!

Ақты киелі ас көретін мұнайшыларға арналып жайылған мерекелік дастарқанға Маңғыстаудың брэнді шұбат, қазақтың ұлттық тағамдары бауырсақ, қазы-қарта, балқаймақ пен құрт қойылды. Ел ырысын еселеп жүрген мұнайшылар дәмнен «пісілме» деп ауыз тиді. Басшылар ілтипатына іштері жылып қалған олар, шексіз алғыстарын білдірді.

Өзенмұнайгаздықтар үшін Амал мерекесі ұлы мереке, жыл басы. Амалда бар ағайын бір-бірімен көріседі, араздыққа тоқтам, өкпе-ренішке кешірім жасалады.

Амал мерекесі берекелі, ырысты болғай! Жалғанда аманшылыққа жететін ешнәрсе жоқ. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Ақ мол болсын, уайым-қайғы жоқ болсын. Қазақ елі дүние тұрғанша тұрсын!



Амал мерекесі күні Өндірістік техникалық қамту және жабдықтармен жинақтау басқармасында 150 орындық заманауи үлгіде салынған тұрмыстық-шаруашылық кешен жұмыскерлер игілігіне берілді.

Мерекеге компания кәсіподақ төрағасы Наурыз Сақтағанов, транспорт жөніндегі басқарушы директор Айтқали Бөшенов, күрделі құрылыс жөніндегі басқарушы директор Бисен Ратовтар қатысып, еңбек ұжымын Амал мерекесімен және жаңа қоныстарымен құттықтады.

«Бас-басыңа би болып, билік құрам дегенше, Бас біріктіріп, тірлік құрам десеңші» деген қазаққа керемет сөз бар. Қоғам талабына сай салынған ғимарат компаниядағы азаматтардың ауызбіршілігінің куәсі. Аналар мерекесі, бүгін табалдырығымыздан аттаған Амал мерекесі құтты болсын.



ӨТҚЖЖЖБ ҚОС МЕРЕКЕ ТОЙЛАДЫ



Алла тағала қазақ елін ырыс-берекесінен айырмағай. Басымыз аман, бауырымыз бүтін болсын!» – деді Айтқали Бөшенов.

Басқарма директоры Зәуреш Чекенова

«Біз су жаңа тшк салып берген компания басшылығына шексіз ризамыз. Сиырдан сүт алу үшін оған жем-шөп береміз. Мұнайшылардан өнімді жұмыс талап ету үшін-еңбекке қолайлы жағдай тұдыру біздің міндетіміз» – деді.

Жаңа нысанның лентасын ардагер-мұнайшы Абыз Реджепов пен Айтқали Бөшенов қиды. Мердігер компания өкілі Мұрат Нұрбайқосов символикалық кілтті Зәуреш Чекеноваға табыстады. Салтанатты шара Амал мерекесіне ұласты.

№4 СЖЖЦ АМАЛ МЕРЕКЕСІН ТОЙЛАДЫ

№4 Мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты №4 Сквжиналарды жерасты жөндеу цехы Амал мерекесін тойлады. Мерекені бригада шебері, өнерпаз-мұнайшы Базарбай Өтепбаев ұйымдастырды. Тойды басқарма директоры Мектепбай Жарылғасынов ашты.

«Амал мерекесі-әрбір адамның жанына жақсылық пен мейірімділік дәнін егеді. Амал-қасиетті мереке, кешірім мерекесі. Асыға күткен Ұлыстың ұлы күнін бір ниетпен, бір тілекпен тойлап жатқан №4 СЖЖЦ жігіттерінің ауызбіршілігіне риза болып тұрмын.



Аман болайық, мұнайымыз көп болсын, еліміз тыныш болсын!» – деді басқарма директоры.

Цех бастығы Нұрсерік Бимағамбетов «Мереке тойлау – күнделікті күйбең тіршілікті ұмыттырады. Қанында бал-уандық, шабандоздық, серілік

бар мұнайшылар тойға үлкен әзірлікпен келді. Олар қазір концерттік бағдарламадан соң арқан тартып, ләңгі тебеді. Зіл тасын көтеріп, күш сынасады. «Адам көркі – шүберек, ағаш көркі – жапырақ» – демекші, сәнденіп шыққан әріптестеріміз

ұлттық киім сайысына қатысатын болады. Жеңімпаздарға марапат бар» – деді

«Ұлттық киім» сайысына қатысқан сұлуларымыз қазақтың кең даласында жайқалып өскен қызғалдақтар мен сарғалдақтарды еске түсірді. Бұл байқауда бірінші орын Гүлдана Нұрмағамбетоваға, екінші орын 50 жыл бойы сандықта жатқан әжесінің көпіртпе орамалы мен күміс сақинасын тағып шыққан Шәмкеловаға, үшінші орын Ырза Нұрғалиеваға бұйырды.

Мерекеден ән мен күй төгіліп, ағаш үйлерде шай ішіліп жатты. Той қонақтарын жайылып жастық, иіліп төсек болып, жаны қалмай күтіп жүрген басқарма қызметкерлеріне Алланың нұры жаусын!

БАС ДИРЕКТОР
МҰНАЙШЫЛАРМЕН КӨРІСТІ




XXI ғасыр – технология заманы. Дүниеде елдің 2 түрі болады. Жетекке жүретін ел, жетектейтін ел. Ғаламдастыру заманында көштен қалып қоймау үшін – заманауи технологияларды игеру қажеттілікке айналды.


ТИІМДІ ТЕХНОЛОГИЯ

Өзен және Қарамандыбас кенорында-ры жарты ғасырдан астам тарихы бар, есейген кенорын болып табылады. Әлемдегі мұнай және газ кенорындарын игеру барысында әр түрлі қабаттың өнімділігін арттыру технологиялары қолданылады. «Болмасаң да ұқсап бақ» деп хакім Абай айтпақшы, әлем тәжірибесінен біздің кенорын да тыс қалмайды. Компанияда жерасты байлықтарын игеруде қабат өнімділігін арттыру технологияларын пайдаланып келеміз. Игеру саласында жаңа тәсілдер мен технологияларды жетілдіру, іздеу, енгізу жұмыстары жылдар бойы үздіксіз жүргізіліп келеді. Біз өмір-бақи оқуды қажетсінетін заманда өмір сүріп жатырмыз. Бұл дегеніміз кез келген саладағы маман жетілу, шыңдалу, қайрала түсу үстінде дегенді білдіреді. Білімді, білікті, кәсіби сауатты, бәсекеге қабілетті болсаң ғана нарықта өтімділік қасиетке ие болатының дәлелдеуді қажет етпейтін аксиомаға айналды. Бүгінде тиімділігі бойынша технологиялардың бірі болып саналатын «Қабатты су арынымен жару» (ҚСАЖ-ГРП) технологиясын Өзен кенорнына енгізіп, 2019 жылы скин *-ҚСАЖ, яғни аз көлемдегі проппант** қолдану арқылы, оң нәтижеге қол жеткізді. Нақтырақ айтатын болсақ, скважиналардың өнімділігі 6 тонна мұнайға артты. Скин-ҚСАЖ технологиясын енгізуге дебиті аз және геологиялық-техникалық жағдайына қарай шектеуі бар (оқшаулау жұмыстары жүргізілген, қосымша тізбек түсірілген, су қабаттары жақын орналасқан) скважиналардың жылдан жылға көбеюі түрткі болды. Осындай скважиналарды қымбат бағада жасалатын үлкен көлемді проппант айдау арқылы қабатты жару тиімсіз болғандықтан, қажеттіліктен туындаған технология.

Скин-ҚСАЖ технологиясының негізгі қолданылу мақсаттары:



**проппант – қабатты жару кескінін ұстап қалу арқылы өткізгіштігін арттыруға арналған жасанды құм.



Скин-ҚСАЖ жүргізілген скважиналардың тиімділігі:



Дамир ШЫРАҚБАЕВ,
Игеру департаменті директоры



НАУРЫЗ КӨЖЕ – ТОҚ ТАМАҚ

«Бақыр қазан қайнаса, баршамызға несібе» – демекші, көріс күні «Өзенмұнайгаз» АҚ асхана меңгерушісі Сәулеш Жолмағамбетова өзенмұнайгаздықтарға 7 дәмнен дайындалған наурыз көже үлестірді.



«Наурыз көже – тоқ тамақ. Біз Батыстың жаңа жылынан гөрі, өз Наурызымызды асыға күтетін болдық. Ұлыстың ұлы күні әрбір шаңыраққа ырыс-береке, құт кіреді. Көңілдегі кірбің, уайым-реніш кетеді. «Көріс күні» -барша қазақтың дәстүріне енсе, нұр үстіне нұр болар еді!» – деді Сәулеш.



«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамын тойлады. Ақ шаңқан киіз үйлер тігіліп, қазан асылып, мерекелік дастарқанға ұлттық тағамдар қойылды. Тойға қала әкімі Әділбек Дауылбаев, «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Жақып Марабаев, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Жәнібек Нұғманов, бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров, кәсіподақ төрағасы Наурыз Сақтағанов қатысып, құттықтау сөз сөйледі. Ардагер-мұнайшы Болатбай Қарамұрзаев жиналған көпшілікке бата берді.



ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ-НАУРЫЗ!

«Құрметті мұнайшылар және қала тұрғындары! Қаймағы бұзылмаған қазақы қоныс, қазыналы мекен Маңғыстауға келіп жеткен Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Жақсылығымен, молшылығымен, тыныштығымен келсін. Компанияның табысты болуы – табиғи байлығымен емес, адами капиталының сапалылығы, бәсекеге қабілеттілігіне байланысты. Өзімізді жетілдірейік, білімге ден қояйық, болашақ ұрпағымызды білімге баулық. Наурыз-хакім Абай айтпақшы «малға емес, ақылға бірлік» мерекесі. Адал еңбекпен, ерінбей тер төгіп еліміздің көркеюі үшін зор үлес қосып жүрген Сіздерге мықты денсаулық, отбастарыңа амандық, ұзақ ғұмыр тілеймін» – деді Жақып Марабаев. Салтанатты шарада Ж.Күмісбаев (№1 МГӨБ), Б.Өтепбаев (№4 МГӨБ), Н.Мұқтарова (МДжӨҚКБ), К.Көбешов (МӨҚжТҚЖБ) қала әкімінің марапатына ие болды. Ж.Қалиев (№2 МГӨБ), Е.Абдуллаев (№3 МГӨБ), Н.Жайылғанов (№1 СҚКБ), Т.Күмісбаев (ТТБ), Д.Текешов (МӨҚжТҚЖБ), Е.Өсжан (БЖБ)



«ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ Құрмет және Алғыс хаттарымен марапатталды. Д.Сарыбаев (№4 МГӨБ), Н.Дүйсенов (№2 СҚКБ), Қ.Бекжанов (№3 СҚКБ), Т.Махамбетов (№5 СҚКБ), М.Сүйеуов (ӨЭМБ), А.Орынбасаров (ХжЭБ), Т.Битлеев (АжТБ), С.Таянов (МДжӨҚКБ) «Өзенмұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасымен марапатталды. Мереке қонағы Бейбіт Күшқалиев пен жергілікті «Керуен» тобы ән салды. «Ұлттық киім» байқауы өткізілді. «Жанды дене қозғалмаса өледі» – деп дана Аристокель айтпақшы, тойда мұнайшылар күресті, зіл тасын көтерді, арқан тартты. «Күш атасын танымас» деген белдесе жүріп, аяқтан шалып құлатқан, жамбасқа салып, алып ұрған Б.Мұсаевқа (№3 СҚКБ) I орын, Т.Қанаевқа (№3 СҚКБ) II орын, Ж.Әділовке (№1 МГӨБ) III орын бұйырды. Зіл тасын көтеруден А.Шәмиев (№3 МГӨБ) 1 орынға, А.Әжіғалиев (№4 МГӨБ) 2 орынға, М.Ерубаев (ТТБ) 3 орынға шықты. Арқан тартудан №1 МГӨБ, №2 МГӨБ, №1 СҚКБ командалары жүлдегер атанды. Жеңімпаздарға диплом, ақшалай сыйлық тапсырылды.



Күләш РАХАТОВА,
бас директордың геология және игеру жөніндегі орынбасары, бас геолог:

– Қазақтың классик жазушысы Оралхан Бөкейдің бір кейіпкерінің «сәбиді дүниеге келтіруден – тауды аунатып жіберген әлдеқайда оңай шығар» – деген сөзі бар. Ырас сөз. Бүгінде еліміздің қай саласында да білімді де білікті қыз-келіншектеріміздің ер-азаматтармен бірге тер төгіп, еліміздің гүлденуі жолында аянбай еңбек етуі – қалыпты жағдайға айналды. Жұмыс қаржылық мәселені шешудің жолы ғана емес, өмірден ләззат алудың, жаның сүйетін іспен айналысудың кепілі. Жауапты салада жұмыс жасап жүрген қыз-келіншектер өз эмоциясын іште сақтай алады. Олар жұмыста тұрақты, әрі тиянақты. Бұл дүниеде шешенің жанашыр мейіріміне жетер не бар?! Аналар мерекесі құтты болсын!



Жанболат ҚЫДЫРҒАЛИЕВ,
ТТБ кәсіподақ төрағасы:

– Аналар мерекесімен барша өзенмұнайгаздық қыз-келіншектерді шын жүректен құттықтаймын. Қазақта «Әкесіз бала – шала жетім, анасыз бала – таза жетім» – деген нақыл бар. Ана жарықтық жатса да, тұрса да перзентінің аман, әрі ғұмыр жолының ұзақ болуын Хақ тағаладан тілейді. Дүниеге ұрпақ әкелетін аналарға барлық ұрпақ қарыздар. Анасыз ешқандай өмір жоқ. Әрбір қазақ келіншегі азаматын қадірлеп, қасиеттеп ұстауы тиіс. Жар болу аз, амалдас, ниеттес, қолтықтас дос болуы керек. Аман жүріңіздер! Біз Сіздерді жақсы көреміз.

Оразгүл КӨШЕНОВА,
«Самұрық-сервис» ЖШС бағбаны:

– «Ананың адам баласының ұрпағын өсіретін қарызы бар. Ана – қазақтың түсінунше үй ішінің жарастығы, үй ішінің ұйытқысы. Онсыз еркектің өмірі-гүлсіз өмір»-дейді қазақтың ұлы жазушысы Мұқтар Әуезов. Атам қазақ асыл да аяулы жары құрсақ көтергенде: «Ұл туса – ұрпағым өседі, қыз туса – ұлтым өседі» – деп қыз баланың дүниеге келуін ерекше қуаныш көрген. Аяулы қыз-келіншектер мерекелеріңіз құтты болсын! Үйіңіздің шамы жарқырай жанып, ошағыңыздың түтіні шалқи шықсын!



Бибігүл БАЛМҰҚАМЕДОВА,
«KMG Security» аға күзетшісі:

– Ана – өмір. Ана – қасиет. Дүниедегі барша сұлулық та, қасиет те ана махаббатынан бастау алады. Қазақ «Баланың білегі ауырса-ананың жүрегі ауырады» – деп тегін айтпаған. Өлемде ана махаббатына тең келер не бар?! Ана-өмірдің небір қиындығы мен ауыртпалығын белі қайыспай көтере біледі. Алып анадан туады. Алтын құрсақты аналарымыз аман болсын, желкілдеп өсіп келе жатқан балаларымыз аман болсын!

Бағила ҚАДЫРОВА,
тәуекелдерді басқару және сапа қызметінің аға инженері:

– Сенің анаң өзге адамдар үшін жай бір адам. Ал сен үшін ол – Жұмақ! Ана ақылды болса, бала дана болады. Ананың мейірімі көзінде, ықыласы көңлінде, ақылы сөзінде. Ананды 3 рет Меккеге арқалап апарсаң да, қарыздан құтылмайтынымыз анық. Барша әріптестерімді Аналар мерекесімен құттықтаймын. Омырауы сүтті, құрсағы құтты аналарымыз аман болсын!



Құралай БАЛЫҚБАЕВА,
«KMG Security» жұмыскері:

– Көктем мерекесінде біздерге арналып, жақсы тілектер айтылады. Тілектің бірлігінен жүректің бірлігі туады. Баласы үшін дүниенің қызығынан бас тартатын, перзентінің қателігін кешіре білетін Анаға жетер кім бар бұл дүниеде?! Ананың сан жылдар бойғы жанкешті, көзге көрінбейтін, марапатсыз еңбегіне тағзым етемін. Мереке құтты болсын! Аналарымыз аман болсын!



Жансая БАТҚАНБАЕВА,
хатшы:

– Қыз-ұлттың тұмары, ары, иесі, киесі. Қазақта «қыз өсірген қызыққа кенеледі» – деген сөз бар. Көктеммен бірге келген аналар, қыз-келіншектер мерекесі құтты болсын. Отбасында да, қоғамда да, өлемде де тыныштық болсын. Ниеті ақ, көңлі таза әріптестеріме мықты денсаулық, жұмыстарына табыс, отбасына амандық тілеймін.



Рината САРҚҰЛОВА,
ТТБ диспетчері:

– Ананың ішкі қуатына қайран қаласың. Ана деген сабырдан жаратылған жан ғой. Қазақта «еркек – үйдің егесі, қатын – үйдің шегесі» деген жақсы нақыл бар. Адал жар, асыл келін әулеттің ырысын молайтып, бақытын көбейтіп, абыройын асырады. Мереке молшылығымен, жақсылығымен келсін!



Манас СИСЕНБАЕВ,
Логистика және материалды-техникалық жабдықтау департаменті инженері:

– «Кәрі құда» қыспен қоштасып, табалдырғымыздан аттаған көктеммен ілесе келген Аналар мерекесімен өзенмұнайгаздық қыз-келіншектерді шын жүректен құттықтаймын. Анадан артық жан жоқ, бұл жалғанда. Жарық дүние сыйлағаны үшін Аналарға мың алғыс! Аналар дүниә тұрғанша тұрсын!





Есен ӨТЕЕВ, бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары:

– Төбедегі аспан бір, ішкен су, жұтқан ауа бір барша өзенмұнайгаздық әріптестерімді Амал мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Қазақта «байлық-байлық емес, бірлік-байлық» деген нақыл бар. Бұл мереке ғасырлар бойы кең далада шашырап жатқан біздің көшпенді халқымызды ауызбіршілік, бауырмалдыққа шақырады. Бірлігінен айырылған елден береке кетеді. Амал мерекесінде мұнайшылар арқа-жарқа ішіп-жеп, көңіл көтерді. Өз елі, өз үйі. Адамның көңлі орнығып, көңлі көтерілуі үшін «дүниенің орнында болуы» аса маңызды. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Ерболат СӘРСЕНОВ, Персоналды басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі басқарушы директоры:

– Көрісу – халқымыздың бірлігінің, ынтымағының, ағайынгершілігінің, кішінің үлкенге деген құрметінің, жол-жоралғысының көрінісі. Бұрын Ұлыстың ұлы күні қыстан аман шыққан көшпелі елдің ат шаптырып, аударыспақ, балуан күрестіріп, ұлан-асыр той жасап қарсы алатын мейрамы еді. «Көтермесе көңілді кір басады» демекші, өзенмұнайгаздықтар Амал мерекесін дүрілдетіп тойлады. Қазақ үшін, мұсылман үшін ең қасиетті орын – дастарқан. Амал мерекесінде мұнайшылар бір дастарқанда отырып ас ішті. Бір-біріне жылы сөздерін арнады. Аман болайық! 21 ғасыр Қазақ елінің дәурені болғай!



Ахмет ҚОЖАНЕПЕСОВ, Қазынашылық департаменті директоры:

– «Көңлімді көктем етіп жүремің мен, біреуді ренжітіп алам ба деп» – Тұманбай Молдағалиев жырламақшы, Амал мерекесі сыйластық пен кешірім айы. Мерекеде адамдар арқа-жарқа көрісіп, бір жасап қалады. Көріс-жанға шипа, жүрекке қуат береді. Мерекеде ән айтылып, күй шертіледі. Жыршылардың насихат термелері айтылады. Насихат – тәрбиенің басты тірегі. Ақ мол болсын, уайым-қайғы жоқ болсын!



Марат ЖҮСІПБАЕВ, БЖБ кәсіподақ төрағасы:

– Маңғыстау – алтын құрсақ, алтын қазына елі ғой. Қазақ үшін көктем айының орны бөлек. Көктемде қыс кетіп, қар астында көміліп жататын жарықтық қара жердің өңі кіріп, адамдар бойын сәндеп киініп шығады. Амал-әндетіп, киіз үй тігіп, наурыз көже ішу үшін тойланатын мереке емес. Бұл-ынтымақтың, береке мен бірліктің бастауы. Ұлыстың бүтіндігі батырлық пен байлық құнынан әлдеқайда жоғары. Ел аман болсын. Мұнайымыз көп болсын! Компанияны дамыту жолында біліктілік пен білгірліктің тамаша үлгісін көрсетейік!



Гайдар ҚАНАЛИЕВ, Мұнай-газ өндіру департаменті директоры:

– Көктеммен бірге келген көріс көңілдің сызын кетіреді. Ренжіскен ағайын табысып, барлық жамандық атаулы ұмытылады. Ел-жұрт боп жақсылыққа бет бұратын күннің шапағаты мол. Тойда адамдар бір-біріне «Жасың құтты болсын!», «Жасыңа жас қосылып, ғұмырың ұзақ болғай!», «Жаңа жыл жақсылығымен келсін!» – деген тілек айтады. Наурыз тойын тойлаған мұнайшылар рухы көтеріліп, іштей түлеп жетіліп қалады.



Ақтоты ТЕМІРБЕК, №4 МГӨБ қызметкері:

– Амал мерекесі күні «Бір жасыңмен» деп көрші-қолаң, тума-туыспен амандасып шығамыз. Аман-есен өріп, жаңа жылға жеттік. Шүкір десіп, келер жылға лебіз қосып жатамыз. Наурыз мерекесінің мәні-зор, тағылымы – мол. Мұндай мерейлі мерекенің ғасырдан-ғасырға ұмытылмай, жалғасқаны жөн.



Бекболат НҰРЛЫБАЕВ, Өндірісті жедел басқару департаменті директоры:

– Киелі Маңғыстау халқы 14 наурызда Амал мерекесін Отпан тауға жиналып, жалпыхалықтық мереке ретінде тойлап жүр. Амал мерекесі-рухани жаңғырудың көкесі. Рухани жаңғыру деген адамның өзінен басталады. Адам өзі көпке үлгі болу керек. Бала-шағасы, отбасы өзгелерге үлгі болуы керек. Ақырындап қоғам да үйреніп, өзгереді. Рухани жаңғыру-рухани жаңаруға айналады. Амалда адам жақсылыққа ұмтылады, жақсы сөз айтады, мінезі жұмсарып, қиналғанға көмек қолын созады. Кешірімшіл болады... Адамды осындай жақсылыққа тәрбиелейтін Амал мерекесі құтты болсын, басымыз аман, бауырымыз бүтін Амалдан-Амалға аман-есен жете берейік!



Ғалия ҰЛЫҚПАН, №4 МГӨБ жұмыскері:

– Көріс-құрмет пен тәрбиенің, қасиет пен өсиеттің, үлкен мен кішінің, ағайын мен алыстың, жақын мен қалыстың арасын жалғайтын игі дәстүр, жақсы жоралғы. Араздасып, бір-бірімен араласпай кеткен жақын адамдар татуласады, табысады. Ел ақсақалдары бата беріп, елге тыныштық, адамзатқа амандық тілейді.



«Өзенмұнайгаз» АҚ бір топ қызметкерлері:

– «Айналайын, Маңғыстау, мен де бір сенің құрағың, мойныңа тағар тұмарың...» – деп ақын жырлағандай, қасиетті де киелі мекен Маңғыстауға келген Амал мерекеміз баршамызға құтты болсын! Ақ мол болсын, қойларымыз егізден тапсын. Жоспар орындалсын. Бас аман болсын, қайда барсақ-жол болсын. Басымызға бақ қонып, шаңырағымызға қыдыр дарысын. Ұлдарымыз сесті, қыздарымыз есті болсын. Қазанымыз оттан түспей, қайнай берсін! Қазақ елі жыл өткен сайын жайнай берсін!





«ЗАМАНДАС БЕЙНЕСІ»

Сәтбай Орынұлы Құлсариев 1960 жылы 29 наурызда Маңғыстау ауданы Тұщыбек жерінде қарапайым отбасында дүниеге келген. Әкесі Орын Құлсариев Қазақстанға белгілі еңбек сіңірген



мәдениет қызметкері. Шешесі Құндыз он екі құрсақ көтерген батыр ана. 1977 жылы орта мектепті бітірген Сәтбай 1978 жылдың күзінде жаяу әскер қатарына алынды. Венгрия Халық Республикасында бір жыл егін орағына қатысады. Жарты жыл Ресейдің Саратов, Тамбов облыстарында сиырларға қыстық азық жинауға атсалысты. Сәтбай тарихта Ауған соғысы деген атпен қалған соғыста болды, Алланың қалауымен елге аман оралды. Бүгінде «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамында жұмыс істеп, қалалық ауған соғысы ардагерлер қоғамын басқарып жүрген жайы бар. «Қоғамға төраға болудағы мақсатым-қанды көйлек жолдастарымның құқығын қорғау» – дейді ол.

«АДАМНЫҢ БАСЫ - АЛЛАНЫҢ ДОБЫ»

НАМЫСТЫ ҚОЛДАН БЕРМЕДІ...

Әскери ант қабылдап, Отан бұйрық бергеннен кейін кез келген елдің жауынгері оны орындау міндетті. Бұл бұзылмас қағида. Әскери антты орындамаған «ант ұрған», «ант бұзған», «анттан аттап кеткен» деген жаман сөзге қалады. Кейбір түсінігі төмен азаматтардың «Ауғанға біз жіберген жоқпыз» деген сөздері ауған соғыс ардагерлеріне соққы болып тиіп, жанын жаралайды-ақ. Сәтбай 1980 жылы ақпанда Гулихумриге келіп, осында екі ай болады. Саланг асуы арқылы өтіп, он бір ай провинцияда болды. Жаяу әскерде атқыш болып, барлауға қатысты. Барлау кездерінде талай қарулы қақтығыстар болды. 18 бен 20 жас арасындағы жігіттер, әсіресе қазақ жігіттері сын сағатта намысты қолдан бермеді. Тауға да қонды, тас та жастанды. Өлімді көрді. Ажалы жетпей елге оралды, шаңырақ көтерді. Алла тағала оған жар, бала қызығын көруді нәсіп етті.

ҚОҒАМ ТУРАЛЫ БІР АУЫЗ СӨЗ

Сәтбай 2013-жылдан бері Химияландыру және экология басқармасында кезекші механик болып жұмыс істеп келеді. Өзі басқаратын қоғам туралы ол: «Жаңаөзен қалалық Ауған соғысы ардагерлері қоғамында 185 адам бар. Оның 60-ы «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамында жұмыс істейді. Қоғамның кеңсесі, жарғысы, туы бар. Қаламыздағы Ауған соғысы ардагерлері атындағы саябақ бой көтерді. Адам болғасын проблема да болады. 5-6 Ауған соғысы ардагерлерінің күні бүгінге дейін баспана ала алмай жүруі-көңілге қаяу түсіреді. Биыл ауған жерінен Совет әскерінің шығарылғанына 30 жыл толды. Осы атаулы датаға байланысты, билік басындағы азаматтар түйткілді мәселелерімізді шешуге атсалысса, нұр үстіне нұр болар еді. Жұмыссыздық мәселесі ардагерлердің жанын күйедей жеп, жүйкелерін жұқартуда» – дейді.

ЖАҚСЫ АҒА

Ауған соғысы ардагерлері қоғамы қоғамдық жұмысқа белсенді қатысады. Олар «Мектепке жол» акциясына қатысып, тұрмысы төмен отбасында өсіп жатқан балаларға мектеп құралдарын алып береді. Сенбіліктер ұйымдастырады. «Рауан» шағын ауданында қараусыз қалған саябақтың тағдырына да алаңдатушылық танытып жүр. Амал мерекесінде қамқөңіл балаларға мерекелік дастарқан жайып, қонаққа шақырады. Спорттық шаралар өткізеді. «Адамның өскен сайын туған жерге деген махаббаты арта түседі екен. Отанға деген махаббаттың бастауы-өнегелі тәрбие» – дейді Сәтбай Құлсариев. Жұмыстан шаршап келгенде мойнына асылған немерелерін көргенде ширап сала беретін Жақсы ағаның еліне жасар жақсылығы әлі көп. Әлихан Бөкейхан айтпақшы «Бөтен кісі қазаққа ешқандай жақсылық артып әкеліп бермейді. Өз күшіне, өз қуатына сенбеген адам да, халық та ғұмыр жүзінде бәйге алмайды»...

” ОЙМАҚТАЙ ОЙ

**«КІММЕН ЖҮРГЕНІҢЕ, КІММЕН ДОС
БОЛҒАНЫҢА МҰҚИЯТ БОЛ. ӨЙТКЕНІ, БҰЛБҰЛ
ГҮЛГЕ, ҚАРҒА ҚОҚЫСҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ».**

Жалаладдин РУМИ



40 ЖЫЛ ТОКАРЬ БОЛҒАН ТАЛШЫН

Талшын Қалиева 1951 жылы 5-сәуірде Атырау облысына қарасты Бек-Бике учаскесінде дүниеге келген. Орта мектепті 1967 жылы бітіріп шығып, Атыраудағы Қошқар мұнай кәсіпорнында токарьдың шәкірті болып жұмысқа орналасады. Бір жылдан соң, 2-дәрежелі токарь мамандығын алып шығады. Токарьлыққа икемі бар бойжеткен әрі қарай біліктілігін жетілдіру үшін №9 қалалық кәсіптік-техникалық училищесінде оқуға тура келді. Ол токарь мамандығының тәжірибесі мен теориясын жетілдіре отырып, оның қыр-сырын игереді. Ер адамдардың кәсібі болып саналған токарь мамандығын үйрену қыз балаға оңай соққан жоқ. Талшынның өр мінезі мен осы кәсіпке деген қызығушылығы өз жемісін берді. Оның токарь мамандығын таңдауына кәсіпшілікте жұмыс жасайтын Әкесі Сабыр Құрманғалиевтің де өзіндік ықпалы болғанын айта кеткен жөн болар.

Талшын Сабырқызы училищені бітіріп шығып, 1970-жылы жолдамамен Маңғыстауға келеді. «Узеньнефть» мұнай-газ өндіру басқармасының БПО мекемесіне 3-дәрежелі токарь болып орналасты. Бұл Талшынның арманының іс жүзінде жүзеге аса бастаған кезі болатын. Ол мұнай кәсіпшілігі басшылығының берген тапсырмаларын дер кезінде орындап, еңбек ұжымының сүйіспеншілігіне бөленді. Қырық жыл бір жерде токарь болып жұмыс істеу – өз кәсібіне жан-тәнімен берілгендіктің белгісі. Мекеменің аттары өзгерсе де, Талшын Сабырқызы өз мамандығынан айнамай жұмыс істей берді. МӨҚЖТҚЖБ мекемесінде әлі күнге ол «Махан» деген атпен таныс. Басқарма Талшын Сабырқызының екінші үйіне айналып кетті. Тәжірибелі маман тек қана токарьлық емес фрезерлік, жонып-тесу жұмыстарын да істей беретін.

Білікті маманның жылдар бойы өткен ерен еңбегі ескерілді. Еңбекқор жан Өзен кенорнының 40-50 жылдық мерейтойларында төсбелгілермен, ордендермен марапатталды. Кенорын туралы кітаптың ішінде де оның есімі ойып тұрып орын алған. «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы компанияның дамуы, өсіп-өркендеуі жолында аянбай тер төгіп, адал еңбек өткен ардагер-мұнайшыны ұмытқан жоқ. Құрметті қонақ ретінде мерекелер мен әртүрлі шараларға шақырып тұрады. Мұнай саласындағы әке жолын жалғастырып, 40 жыл токарь болып жұмыс істеген Талшын Сабырқызы қазір құрмет демалысында. Отағасы Мұңалмен ұлықты ұл өсіріп, қылықты қыз тәрбиеледі. Немере, жиен, шөбере сүйіп отырған өнегелі әже.

«Отағасымен өмір деген ағысы қатты дарияда бірге жүздік. Небір асау толқындар кездессе де ескегімізді бірге есіп, бүгінгі күнге жеттік. Аллаға мың да бір шүкір. Әрқашан бір-бірімізге демеу болып, бала-шағаның қамы үшін ғұмыр кештік. Алланың қолдауымен үмітіміз ақталды. Дүниедегі мақсаттың да, міндеттің де ең үлкені-ертеңгі күнге өнегелі, парасатты ұрпақ қалдыру» – дейді бақытты жан.



ӨНДІРІСТІҢ ӨЗ АДАМЫ

ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Аймұратов Жақсығұл Бердімұратұлы – өндірістің өз адамы. Еңбек жолын 1987 жылы Өзен кенорнында жерасты жабдықтарын жөндеу цехында жерасты жабдықтарын жөндеу операторы болып бастады. Қыстың қақаған аязында, жаздың шырғанақ ыстығында жан аямай тер төкті. Адалдықтан ауытқымай тер төккен адамның еңбегі жемісті болатыны о бастан белгілі жай. Жақсығұлдың іскерлігі табысқа әкелді. Ол мұнай-газ өндіру шебері де болды, жетекші инженер-технолог, кәсіпшілік бастығы орынбасары, ОИТҚ бастығы, орталық инженерлік-техникалық орталығы бастығы орынбасары, ОИТҚ бастығы, өндірістік-техникалық бөлім бастығы, №1 МГӨБ-те директордың өндіріс жөніндегі орынбасары, бас инженер, басқарма директоры болып абыройлы еңбек етті. Мұнай және газ өндіру департаментінің техникалық саясат және қабат қысымын сақтау бөлімінің бастығы қызметін атқарды. Бүгінде Жерасты жабдықтарын ағымдағы жөндеу департаменті директоры болып қызмет атқарып жүр.

ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫ:

Мақала кейіпкері «Кез келген адамның соңынан жақсы із бен жақсы сөз қалу керек» 2 деп есептейді. «Құлша істеп, бише аса!». Бұл еңбек ет те, оның зейнетін көр, адал жұмыс атқарып, халал ас іші! – деген сөз. Жапырып істемеген жарытып ас іше ме?!

ХОББИ:

Жақсығұл Аймұратов немерелеріне «Ер Төстік», «Мақтақыз бен мысық» т.б. атты ертегілерді айтқанды ұнатады. Бала – әр отбасының бақыты, ұрпақ жалғастырушысы,



ел болашағы. Еліміздің болашағы – ертеңгі, тәртіпті, білімді, білгір ұрпақ екені даусыз. Сол тәртіпті, білімді, білгір ұрпақты өсіріп, тәрбиелеу – баршамызға ортақ міндет!

КАЙДЗЕН ЖОБАСЫНА КӨЗҚАРАСЫ:

«Басқару – байлықты үнеммен жұмсау» – дейді қытай ғұламасы Конфуций. «Барлық үнемдеулердің ақыры уақытты үнемдеуге

ұласады» – дейді Карл Маркс. Жаппай тұтынуды бақыт көретін халық көп жағдайда ертеңгі күнін ойламастан, бар тапқанын шашып-төгуге құмар. Біле білсеңіз, үнемшіл болу-өте маңызды қасиет. Бейбіт заман екен деп бей-берекет өмір сүріп жатқан жоқпыз ба? Мен осыдан қорқамын... Компанияда енгізіліп жатқан «ысырапсыз өндіріс» жобасын қолдаймын. Етек-жеңімзді жинақтайтын уақыт келді. Қажет емес дүниелерді біртіндеп өміріңізден ысыра берген жөн.

ЖИІ АЙТАТЫН НАҚЫЛЫҢЫЗ:

Дінмұхамед Қонаевтың «Мен қанша биікке көтерілсем де, халқымнан төмен екенімді ұмытқаным жоқ» деген сөзін жиі оқимын. Қазақ «ел іші – алтын бесік» деп бекер айтпаған ғой... Қуансаң қуанышыңды бөлісетін, сүрінсең қолтығыңнан демейтін осы халық ғой...

СҮЙІКТІ ӘНШІСІ:

Жақсығұл Аймұратов Тоқтар Серіковтің әндерін, термелерін тыңдағанды ұнатады. «Өнер болмаса өмір өзінің мәні мен сәнінен айырылып, күйбең тірлікке айналып кетер еді...» – дейді ол.

ӘРІПТЕСТЕРІ ТУРАЛЫ:

Мұнай саласының майталманы, абзал азамат, іскер басшы өзінің әріптестері Рауан Ерлеспесов, Асқар Сүлеймен, Едіге Матаев, Фазыл Сырымов, Жеңісбек Шұғайыпов,

Рақымжан Оспан, Берекет Мәуленбаев, Қуаныш Әбілов, Гүлзада Өтешова, Наурыз Қонаев, Лаура Сартовалар туралы «Өз істерінің нағыз шеберлері, жұмыстарын жан-тәнімен сүйеді, ықыласпен істеген жұмыстарынан ләззат алады. Ақылды мамандар алға ұмтылады және өзіне сеніп әрекет етеді» – дейді.

ОТБАСЫ:

Жақсығұл Бердімұратұлы жар қызығын көріп, перзент сүйді. Зайыбы Үзіл Оңдасынова да 30 жылдан астам Өзен кенорнының дамуына өзіндік үлес қосып жүрген тәжірибелі геолог. Психолог – мамандардың айтуынша, үй-ішіндегі бауырмалдық, татулық атмосферасы – адамды жүйке ауруынан сақтап, бойына 4 есе күш-қуат беретін көрінеді. Ұлдары Асхат пен Талғат мұнай саласында абыройлы еңбек етіп жүр. Жанымызға сая болсын деген тілекпен Жансая деп атын қойған кенжетайлары отбасының аялаған гүлі Мәскеу қаласында оқып жатыр.

ТҮЙІН: «Айда аяқ, жылда жілік жоқ» дегендей, желдей есіп, жұлдыздай аққан есіл өмір зымырап барады. «Өзенмұнайгаз» АҚ еңбек ұжымы компания құрдасы Жақсығұл Бердімұратұлы мерейлі 55 жасымен шын жүректен құттықтайды. Алла тағала Сізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр берсін. Жұмысыңыз жемісті болсын. «Әркім өзі талпынбақ, Басына бітер бағы үшін...» – деп Ақтамберді Сарыұлы айтпақшы, біліміңіз бен алғырлығыңыздың және ұйымдастырушылық қабілетіңіздің арқасында құрмет пен сыйға бөленіп жүре беріңіз. Бақ дарып, ырыс қонсын!



Әлеуметтік әкімшілік департаменті жетекші маманы Лаура Тілеубаева «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамындағы еңбек жолын 2005 жылы №1 Мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты қабат қысымын сақтау цехында сораптар станциясының машинисті болып бастады.

2009 жылдан бері Өзен кенорны дамуына ерен еңбектерімен өлшеусіз үлес қосқан зейнеткерлеріміздің әлеуметтік проблемаларымен айналысып келеді.

«Адам алпысқа толғанда қайтадан сәбилік кезең басталады» – дейді жапондар. Адаммен әңгімелесу деген рақат қой. Жұмысымыздың көптігіне қарамастан келген зейнеткер аға-апалардың әрқайсысына барынша көңіл бөліп, әңгімелерін, ақыл-кеңестерін тыңдаймын. Сөз – деген демеу, сөз – адамды адамға жақындастырады. Біз үлкен кісілерге ерекше құрметпен қараймыз. Мерекелерде шақырып, қонақ етеміз, сый кәде беруді де ұмытпаймыз. Дүние-кезек, ертең құрметке ие болу үшін, бүгін өзгелерді құрметтей білуіміз керек» – дейді Лаура.

Елгезек Лаураға риза болған ақсақалдар «абыройың зор болсын, уайым-қайғың жоқ болсын» – деп бата береді. «Батаменен ел көгерер» – деп қазақ тегін айтпайды. Бата алған адамның үрім-бұтағы көбейіп, бақытқа кенеледі.

ҮЗІЛ...

Біз сөз еткелі отырған Үзіл Қозыбақызы 1967 жылы Форт-Шевченко қаласында тұратын қарапайым отбасында дүниеге келді. 1984 жылы мектепті бітіріп, үлкен өмірге араласады. 1985-1988 жылдары Жаңаөзендегі мұнай техникумын бітіріп, Өзен кенорнына жолдамамен жас маман болып келеді.

Садақ оғандай зымыраған уақытқа не дауа?! Содан бері аттай 31 жыл өтіпті. Үзіл бүгінде компанияда өз орны, өз үні, өз салмағы бар тәжірибелі геолог.

«Мамандығымды дұрыс таңдағанымға қатты қуаныштымын. Геолог болғанымды мақтан тұтамын. Отағасымен 33 жыл қол ұстасып, бірге келеміз. Ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, балдай тәтті немерелер сүйіп отырған ата мен әже болдық. Аллаға мың да бір шүкіршілік айтамын» – дейді Үзіл. Үйдің, шаңырақтың Нұры, Құты, Ырысы, Берекесі – Ана екені сөзсіз!

«Байқаймысың, байқаймысың мына ғажап тамашаны, Бір адамға байланысты бір адамның болашағы» – деп Мұхтар Шаханов жырлағандай Үзілдің бақытты болуы, жарқырап жүруі, жұмыста табысқа жетуі – үйдегі азаматтың арқасы. Бізді алақандарына салып, аялап жүрген азаматтар аман болсын!





ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті
Жәнібек
ҚАЙЫРБЕКҰЛЫ!

Сізді 45 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. 45 жас нағыз қамал алар шағыңыз, қорамсаға қол салса, көздегеніңе деп тигізер уағыңыз, нағыз шер болаттай мығым да қуатты кезіңіз. Орда бұзар отыздан өтіп, қырықтың қырқасынан асқан Өзіңізді «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының еңбек ұжымы адал басшы, іскер азамат, еңбекқор жан ретінде таниды.

Сіз компанияны озық компаниялар қатарына енгізу мақсатында Кайдзен жобасын енгізу туралы бастама көтеріп, басшылыққа қоғамдағы әрбір қызметкерге құндылық ретінде қарау қажеттігін түсіндірдіңіз. Биылғы жылды «Еңбекті қорғау жылы» деп жариялап, компания үшін мұнайшы амандығына жетер ештеңе жоқ екендігіне баса назар аудардыңыз.

Елбасы «Мен өз тағдырымды халқымның тағдырынан бөлек қарап көрген емеспін»-деген болатын. Сіз де өзіңіздің тағдырыңызды Қазақ елінің болашағымен байланыстырып отырған білікті де білімді мамансыз.

«Ұлтын шын сүйіп, аянбай қызмет қылған азаматы көп жұрт күшті, өнерлі, білімді жұрт болып, күресте тең түсіп, басқаларға өзін елетіп отыр. Ұлты үшін құрмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр»-деп жазған болатын алаш ардақтысының бірі Жүсіпбек Аймауытов.

Ел игілігі үшін аянбай тер төгіп жүрген өзіңізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға береке-бірлік, баянды бақыт тілейміз.

Компанияның жаңа тарихының жарқын болашағы жолындағы ерен еңбегіңіз жана берсін. Бәрінен амандық артық. Аман жүріңіз. Мерейіңіз асып, несібеңіз таси берсін! Жеңістерге бірге жетіп, биіктерді бірге бағындырайық!

Құрметпен: «Өзенмұнайгаз» АҚ
еңбек ұжымы

ГҮЛДАРИЯ

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА АРУЫ» АТАНДЫ

Персоналды басқару және дамыту департаменті жетекші инженері Гүлдария Жанаралова жүзіннің көзінен өткендей жұтынып тұрған 151 ару қатысқан «Самұрық-Қазына аруы – 2019» байқауының бас жүлдесіне ие болды.

Тәуке ханның Жеті жарғысында «Сұлу қыз – мемлекеттің қазынасы» деп жазылған. Туғанның, туысқанның ең қымбаттысы қыз бала. Ата-бабамыз қызын оң жағына отырғызып, үкілеп, тіл-көзден қорғап, әулетінің ары деп таныған. Бір үйдің үріп ішіп, шайқап төккен үкілі қызы, әріптесіміз Гүлдарияны жеңісімен шын жүректен құттықтаймыз! Алтын қыздарымызды ардақтай білейік!



«ҰЛТТЫҚ КИИМ»

БАЙҚАУЫНЫҢ БАС ЖҮЛДЕГЕРІ

«Өзенмұнайгаз» АҚ Кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен Аман мерекесіне байланысты «Ұлттық киім» байқауы өткізілді. Байқауға өзенмұнайгаздықтар «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара отырып» белсенділікпен қатысты.



Гүлзия
ТАЙЖАНОВА

Бас жүлдені Әлеуметтік әкімшілік департаменті аға маманы Гүлзия Тайжанова жеңіп алды. I орын Әсем Жұнбасова (хатшы), II орын Гүлдария Жанаралова (Персоналды басқару және дамыту департаменті), III орын Гүлшат Сүлеева (Күрделі құрылыс департаменті) және Гүлмира Құрманғазиеваларға (Корпоративтік оқу орталығы) берілді. Наурызбай Бердіоңғаров «Жігіт сұлтаны» (Күрделі құрылыс департаменті), Үзіл Оңдасынова «Кимешекті әже» (Игеру департаменті), Жасұлан Ырзаев «Сері жігіт» (Игеру департаменті), Маржан Досбаева «Сұлу қыз» (Нормалау және еңбекақы төлеу департаменті) атанды. Қазақтың салт-дәстүрін насихаттау мақсатында көрініс дайындаған Игеру департаменті I орынға, Қаржы блогі II орынға, Күрделі құрылыс департаменті III орынға лайық деп табылды. Жеңімпаздарға «Технодом» дүкенінің сертификаты тапсырылды. Қызылды-жасылды керемет ұлттық киіміміз позитив қазақ ұлтының ішкі дүниесінен хабар береді. Жүзі нұрланып, төңірегіне сәулелі шуақ шашып жүретін ер-азаматтарымыз бен аруларымыз аман болсын!



«Өзенмұнайгаз» АҚ «Ел ертеңі-жастар» атты тақырыпта жайдарманның жаңа маусымы ашылды. Ойынды бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров ашты. «Біз бүгін жайдарманшылардан мейірімге толы, әдемі қалжың мен астарлы әзілге құрылған, көрерменін серпілтіп, сергітіп шығаратын тамаша ойын күтеміз! Оларға сәттілік тілеймін!» – деді ол.

Ойынға №1,2,3 МГӨБ, АжТБ, ТТБ, ӨЭМБ, ЖМК командалары қатысты. Олар өздері айтпақшы, небір-небір актуальды мәселелер қозғады. Шараны ЖМК командасы бастады. Команда құрамына Аман мерекесіне қазақтың бұрынғы астанасы Орынбордан келген қандасымыз Әсел өнер көрсетіп, француз тілінде өн шырқайды. ТТБ командасы ойының «Неге біз осы орыстың Жаңа жылына 1 ай бұрын дайындаламыз? Неге біз осы Наурызға 1 ай бұрын дайындалмаймыз?» – деген риторикалық сұрақпен бастады.

№1 МГӨБ командасындағы жайдарманның жұлдызы Ерқоның «біз сөзге тоқтаған елміз, мұнайды ұрлап кетпе-

ЖАЙДАРМАННЫҢ ЖАҢА МАУСЫМЫ АШЫЛДЫ

сін деп, кенорынды НКТ-мен қоршаған елміз, Араб әмірлігіндегі шейхтар сияқты шалқайып өмір сүруіміз керек деп, билікті боктаған елміз» – деген сөзі көрермендерді ду күлдірді. «Асығыс шешім қабылдайтын хан» көрінісіндегі Ерқо сомдаған хан бізге етене жақын. ӨЭМБ құрама командасының «Әдемі аэропорты бар, бірақ ұшақ ұшпайтын, әдемі вокзалы бар, бірақ пойыз жүрмейтін жалғыз қала Жаңаөзен сәлем!» – деген сөзі де нысанаға дәл тиіп жатты.

Сахна төріне шыққан №2 МГӨБ командасының «Әбден тойынған әкім», «Байға шығып, үйіне қайтып келген қыз» деген әзілдері көрермендерге күлкі сыйлады. №3 МГӨБ командасы үкіметтің тарағанын айтты, компанияда «Еңбекті қорғау» жылы деп жарияланғанын айтты, көп балалы аналар туралы айтты. Олар 8-наурызға берген сыйлыққа көңлі толмай әңгіме қылған мұнайшы қыз-келіншектердің психологиясын дәл берді. Екі жыл қатарынан Жайдарманда II орын алған №3 МГӨБ әділқазыларға назын айтуды да ұмытпады. АжТБ командасы Райымбек Қанатбаевтың сахнада өзін суда жүзген балықтай еркін сезінетіні көрініп-ақ тұр. Тек «көгілдір полицейлер» деген көрініспен жігіттердің «артық қылам деп тыртық қылып алғаны» өкінішті-ақ!

Әкс-жайдарманшы Мақсат Оңайбаев өзінің ТТБ командасына риза болғандығын айтты. «№1,3 МГӨБ, ӨЭМБ, АжТБ командаларына сөз жоқ. Қызықтық, жадырап қалдық» – деді ол. Әділқазылар бірауыздан «Адамдарды күлдіру, көрермен көңілінен шығу оңай емес» екендігін айтты. Бас жүлде №3 МГӨБ, I орын АжТБ, II орын ӨЭМБ, III орын №1 МГӨБ пен ТТБ командаларына берілді. №2 МГӨБ пен ЖМК командаларына ынталандыру сыйлығы берілді. Жүлдегерлерге диплом мен ақшалай сыйлық тапсырылды. «Үздік ойыншы» болып Аязбай Тілов (ТТБ) танылды.